

Аршалы ауданында 2009 жылға арналған ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Аршалы ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 23 желтоқсандағы N А-612 қаулысы. Ақмола облысы Аршалы ауданының әділет басқармасында 2009 жылғы 6 қаңтарда N 1-4-123 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Аршалы ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 28 сәуірдегі № А-0/2 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Аршалы ауданы әкімдігінің 2009.04.28 № А-0/2 қаулысымен

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы", «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңдарына және 2001 жылдың 19 маусымындағы № 836 Үкімет қаулысымен бекітілген қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру Ережелеріне сәйкес халықты жұмыспен қамтамасыз ету мақсатында Аршалы ауданының әкімдігі
Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

1. 2009 жылы ақылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін, кәсіпорындар мен ұйымдардың қосымша тізбесі бекітілсін.

2. 2009 жылы "Аршалы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" Мемлекеттік мекеме Аршалы кентінде және ауылдық, селолық округтердің кәсіпорындарында жұмыссыздар үшін ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастырсын.

3. Ақылы қоғамдық жұмыстармен айналысатын жұмыссыздардың еңбекақыларын төлеу нақты орындалған жұмыстары үшін 2009 жылда белгіленген, айлық ең төменгі еңбекақы мөлшерінен кем болмауы және жергілікті бюджет есебінен төленсін.

4. "Аудандық қаржы бөлімі" Мемлекетті мекеме қоғамдық жұмыстарды 2009 жылға аудан бюджетінде осы мақсатта қарастырылған қаржы көлемінде қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Аршалы аудан әкімінің орынбасары Талғат Жаңабергенұлы Мәмбетовке жүктелсін.

6. Осы қаулы Аршалы ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне және ресми жарияланғаннан бастап он күн өткеннен соң әрекетіне енеді

Аршалы ауданының әкімі

Е.Маржықпаев

Келісілді

**Жұмыспен қамту және
әлеуметтік бағдарламалар**

бөлімінің бастығы **Б.Сыздықова**

Қаржы бөлімінің бастығы **Е. Андрух**

2008 жылдың 23 желтоқсандағы № А-612
Аршалы ауданы әкімдігінің қаулысымен
бекітілген

**2009 жылда аумақта ақылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін
кәсіпорындар мен мекемелердің тізімі**

Ауылдық округтардың кәсіпорындардың, ұйымдардың атаулары	Жұмыстардың түрлері	Атқарылған жұмыстардың түрлері мың теңге	Жұмыстардың ұзақтығы үш ай (адам саны)	Қоғамды жұмыстар қатысатындар жалпы саны адам/
1	2	3	4	5
«Анар селолық округының әкім аппараты» мемлекеттік мекемесі	Халық санағы және аула бойынша санақ жұмыстары. Учаскелік комиссияның жұмысында әлеуметтік карталарды түзуіне көмектесу. Жалғызбасты қариялар мен зейнеткерлерге, мүгедектерге күтім жасау. Аумақтарды қардан және мұздан тазарту. Мектепте жылу жүйесіне және күзетке көмек көрсету. Әскерге шақыру комиссиясына шақыру кезеңінде көмектесу. Ағаш егу және егістік жұмыстары. Жол шұңқырларын жөндеу жұмыстары. Әлеуметтік – мәдени саладағы объектілерді қайта құру және жөндеу жұмыстарына қатысу. Жалғызбасты қарттар мен мүгедектердің және зейнеткерлердің пәтерлерін жөндеу. Жалғызбасты қарияларға отын-көмір жинауға, қысқа дайындық жасауға көмек көрсету.	484,9	қаңтар-3 сәуір - 3 шілде-3 қазан-3	12
«Ақбұлақ селолық округының әкім аппараты» мемлекеттік мекемесі	Аумақтарды қардан және мұздан тазарту. Учаскелік комиссияның әлеуметтік карталармен жұмыс істеуіне көмектесу. Әскерге шақыру комиссиясына шақыру кезеңінде көмектесу. Өңірді экологиялық тазарту көгалдандыру, көріктендіру Халық санағы және аула бойынша тексеру жұмыстары. Жол шұңқырларын жөндеу. Жол көрсеткіш белгілерін орнату. Кітаптарды жөнге келтіру. Жалғызбасты қарт, мүгедектердің және зейнеткерлердің пәтерлерін жөндеу. Қоғамдық тәртіп сақтауға	565,7	қаңтар-3 сәуір-4 шілде-4 қазан-3	14

	жәрдемдесу. Жер салығы және жеке тұлғалардың мүлкі бойынша хабарламалар тарату.			
«Аршалы кентінің әкім аппараты» мемлекеттік мекемесі	Аумақтарды қардан және мұздан тазарту. Аққала құру. Құжаттарды әзірлеуге көмектесу, өңірді экологиялық тазарту көгалдандыру, көріктендіру, паркпен скверлерге күтім жасау, жалғызбасты қарттарға, мүгедектерге және зейнеткерлерге күтім жасау. Халық санағы және аула бойынша санақ жұмыстары, коммуналдық тұрғын-үй шаруашылығы мекемелеріне тұрғылықты жерлердің аумақтарын тазалауға жәрдемдесу, жалғызбасты қарттар мен зейнеткерлердің және мүгедек жандардың пәтерлерін жөндеуге көмектесу, қараусыз құрылыстарды бұзуға көмектесу. Ағаш отырғызу жұмыстары. Халық санағы және аула бойынша санақ жұмыстары.	2020,6	қаңтар-10 сәуір-18 шілде-12 қазан-10	50
«Бірсуат селолық округының әкім аппараты» мемлекеттік мекемесі	Аурухана, ауыл клубы, әкімдік ғимаратының аумақтарын, жол қиылыстарын қардан және мұздан тазарту. Билбордтарды орнату баннерлерді ауыстыру. Мерекелік шараларды ұйымдастыруда көмектесу. Ауылдық округ аймағын көгалдандыру және көріктендіру. Учаскелік комиссияның әлеуметтік карталармен жұмыс істеуіне көмектесу. Стадионды тазалау және спортзал жанындағы аумақты тазарту, күзету. Спорттық және мәдени-көпшілік шараларды ұйымдастыруда жәрдемдесу. Қоғамдық тәртіп сақтауға көмектесу. Жол шұңқұрларын жөндеу, аялдаманы жөндеу, аумақты күл-қоқыстан және шөптерден тазарту. Мәдени-әлеуметтік саладағы объектілерді жөндеу және қайта құруға, жалғызбасты қарттармен зейнеткерлерге және мүгедек жандардың пәтерлерін жөндеуге қатысу. Жазды күндері балалардың бос уақытын ұйымдастыру. Ветеринарлық алдын-алу шараларын жүргізуде мал шаруашылығы инспекторларына көмектесу. Әскерге шақыру және тіркеуге алу комиссиясына шақыру кезеңінде көмектесу. Аққала құру.	484,9	қаңтар -3 сәуір -3 шілде-3 қазан-3	12
«Арнасай ауылдық округының әкім аппараты» мемлекеттік мекемесі	Халық санағы және аула бойынша санақ жұмыстарына қатысу. Мәдени-әлеуметтік нысаналардың аумағын қардан және мұздан тазарту. Учаскелік комиссияның әлеуметтік карталармен жұмыс істеуіне көмектесу. Ауылдық округ аумағын көгалдандыру және көріктендіру. Коммуналдық тұрғын-үй шаруашылығы мекемелеріне тұрғылықты жерлердің аумақтарын тазалауға жәрдемдесу.	444,5	қаңтар -2 сәуір-4 шілде -3 қазан-2	11

«Волгодонов селолық округының әкім аппараты» мемлекеттік мекемесі	Әлеуметтік карталарды толтыру, қоғамдық тәртіп сақтауға көмектесу, мектепке жылу жүйесіне және күзетке көмек беру. Аумақты көріктендіру, тазарту. Аула бойынша санақ жұмыстары, жалғызбасты қарттар мен зейнеткерлерге және мүгедектерге пәтерлерін жөндеуге көмектесу.	565,7	қаңтар-3 сәуір-5 шілде-3 қазан-3	14
«Ижев селолық округының әкім аппараты» мемлекеттік мекемесі	Аумақтарды қардан және мұздан тазарту. Участкелік комиссияның әлеуметтік карталармен жұмыс істеуіне көмектесу. Әскерге шақыру комиссиясына шақыру кезеңінде көмектесу. Селолық округ аумағын көріктендіру және көгалдандыру. паркке ескерткіштерге, гүл егістіктеріне күтім жасау / ағаштарды кесу, су құю, қопсыту, отырғызу/. Халық санағы және аула бойынша санақ жұмыстарына қатысу. Ижев селолық кітапханасындағы кітаптарды қалпына келтіру. Жалғызбасты қарттар мен зейнеткерлердің және мүгедектердің пәтерлерін жөндеу. Жеке тұлғалардың мүлкі және жер салықтары жөнінде хабарламалар тарату. Ижев селолық округі әкімдігінің және аурухана ғимараттарының кезектегі жөндеу жұмыстарына қатысу.	404,1	қаңтар -2 сәуір-3 шілде-3 қазан-2	10
«Константинов селолық округының әкім аппараты» мемлекеттік мекемесі	Аумақтарды қардан және мұздан тазарту, жалғызбасты қарттар мен зейнеткерлердің және мүгедектердің үйлерін қардан мұздан тазарту. Участкелік комиссияның әлеуметтік карталармен жұмыс істеуіне көмектесу. Селоны көріктендіру. Жылу ошағын жөндеу. Халық санағы және аула бойынша санақ жұмыстарына қатысу.Аққала құру.	646,6	қаңтар-4 сәуір-4, шілде-4 қазан-4	16
«Турген ауылдық округының әкім аппараты» мемлекеттік мекемесі	Әкімдік бөлмелерін жөндеу жұмыстары. Тұрғылықты жерлерді көріктендіру, гүл егістіктерін бөлу, ағаш кесу, қоқыстан тазарту.	242,4	қаңтар-2 сәуір-2 шілде-2	6
«Михайлов селолық округының әкім аппараты» мемлекеттік мекемесі	Әлеуметтік- мәдени объектілерді күзету, аумақтарды қардан тазарту. Округ аймағын көгалдандыру және көріктендіру.Әлеуметтік-мәдени нысаналарды жөндеу, жалғызбасты қарттар мен зейнеткерлердің және мүгедектердің пәтерлерін жөндеу.	565,7	қаңтар-3 сәуір-4 шілде-4 қазан-3	14
«Бұлақсай ауылдық округының әкім аппараты» мемлекеттік мекемесі	Халық санағын өткізуге көмек көрсету, әлеуметтік карталар түзуге жәрдемдесу, жол шұңқұрларын жөндеу. Көшелерді күл-қоқыстан, шөптерден тазарту, ауылды көгалдандыру және көріктендіру, ағаш егу. Ауылдық әкімдіктің, мәдениет үйінің, селолық емхананың, пошта ғимаратының аумақтарын тазалау,көріктендіру жұмыстары	323,3	ақпан -2 мамыр-4 тамыз-2.	8

«Сараба селолық округының әкім аппараты» мемлекеттік мекемесі	Аумақтарды қардан және мұздан тазарту.Әлеуметтік карталарды толтыру. Халық санағы. Селолық округтің аумағын көріктендіру және көгалдандыру. Парк және ескерткіштерге күтім жасау. Аулалық санақ жұмыстары. Мектеп кітапханасының кітаптарын қалпына келтіру. жалғызбасты зейнеткерлердің және мүгедектердің тұрғын-үйлерін жөндеу Жеке тұлғалардың мүлкі және жер салықтары жөнінде хабарламалар тарату. Селолық округ әкімдігінің, аурухана ғимараттарына кезектегі жөндеу жұмыстарын жүргізу	484,9	қаңтар-3 сәуір-3 шілде-3 қазан-3	12
Аршалы ауданының прокуратура	Ғимаратты күзету, канцеляриядағы жұмыс.	80,8	қаңтар -1 сәуір-1 шілде-1	3
«Аршалы ауданының қорғаныс істері жөнінде бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Бланкілерді толтыру, картотека бойынша жұмыс, жеке істер тігу. Шақыру қағаздарын, повесткілер, тарату.	242,4	қаңтар-2 сәуір-2 қыркүйек-2	6
Аршалы аудандық әділет Басқармасы	Құжаттарды өндеуде көмектесу, мұрағаттағы жұмыстар.	404,1	қаңтар -2 сәуір-3 шілде-3 қазан-2	10
«Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Тұрғын-үй тұрмысын жақсартуға азаматтардан келіп түскен өтініштерді тіркеу. Кіресін және шығасын құжаттарды тіркеуге алу. Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығына бақылау жасау. Есеп беру жұмыстары және бөлім бастығының берген басқа тапсырмаларын орындау және жүзеге асыру	161,6	қаңтар-1 сәуір-1 шілде-1 қазан-1	4
№ 1 Аршалы орта мектебі	Мектеп аумағын көріктендіру. Ауладағы бөлмелерді жөндеу жұмыстары, ағаш және бұталарды кесу. Ғимарат ішінде есік, терезе, қабырға, шатырды сырлау, жиһаздар мен еденді жөндеу. Аумақты қоқыстан тазарту, қоршалған қорғанды жөндеу.	242,4	наурыз-1 шілде-4 қыркүйек-1	4
№ 2 Аршалы орта мектебі	Мектеп аумағын көріктендіру, жылу ошағын жөндеу. Ғимараттың сыртын жөндеу	161,6	қаңтар-1 сәуір-1 шілде-1 қазан-1	4
«Аршалы аудандық мұрағаты» мемлекеттік мекемесі	Құжаттарды ғылыми-техникалық өңдеу, жыл қорытындысы бойынша істерді жүйелендіру, шашылған құжаттарды қалыптастыру, істер тігу. Істер тақырыбын түзу, парақтарды қайта нөмірлеу, мұқаба парақтарын жапсыру. Мұрағаттық шифрлармен белгілеу, істерді топтастыру, ярлықтарды жазу, бумаларды қалыптастыру, қораптарды орындарына жайластыру.Істер тізімін түзу, жоюға арналған құжаттар мен сақталмайтын істердің актілерін түзу, істерді қалпына келтіруді бітіргені туралы актілер түзу, іс-құжаттарын тігу.	161,6	қаңтар-1 сәуір-1 шілде-1 қазан-1	4
Аршалы балалар шығармашылық				

орталығы» мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны	Жөндеу жұмыстары және аумағын көгалдандыру.	80,8	мамыр-2	2
«Аршалы ауданының жас техниктер станциясы » мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны	Аумақты көріктендіру және жөндеу жұмыстары.	80,8	мамыр-2	2
Аршалы аудандық Ішкі істер бөлімі	Мұрағаттағы іс-қағаздар жұмысы, құжаттарды өңдеу, аударма жасау, бөлмені тазарту.	323,3	қаңтар-2 сәуір-2 шілде-2 қазан-2	8
«Аршалы аудандық Ішкі істер бөлімінің жол полиция бөлімі»	Құжаттарды өңдеуде көмектесу, журналға хаттамаларды тіркеу, нысаналарын толтыру, ілеспе хаттарды рәсімдеу, хаттамалардан түбіртектер толтыру.	161,6	қаңтар-1 сәуір-1 шілде-1 қазан-1	4
«Аршалы аудандық Ішкі істер бөлімінің көші-қон полиция бөлімі»	Құжаттарды өңдеуде көмектесу, номенклатура істерін рәсімдеу. Көргізбелік қабырға материалдарын рәсімдеу. Азаматтарды құжаттандыруда көмектесу.	161,6	қаңтар-1 сәуір-1 шілде-1 қазан-1	4
«Аршалы ауданының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Құжаттарды тіркеу және беру. Құжаттарды қабылдау. Бұйрықтар мен көшірмелер дайындау.	161,6	қаңтар-1 сәуір-1 шілде-1 қазан-1	4
Аршалы ауданының соты	Кеңсе қағаздары /іс-қағаздарын жөнелту, сотқа шақыру қағаздарын тапсыру және құжаттарды өңдеу, тізімдеме тұзу/. Аумақты тазарту	161,6	қаңтар-1 сәуір-1 шілде-1 қазан-1	4
Ақмола облысы Аршалы ауданы бойынша қоршаған ортаны қорғау	Құжаттарды тіркеуге алу, оларды беру. Құжаттарды қабылдау. Көшірмелер мен бұйрықтарды дайындау.	161,6	қаңтар-1 сәуір-1 шілде-1 қазан-1	4
«Аршалы ауданы сәулет және қала құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Құжаттарды қабылдау, құжаттарды өңдеу	121,3	қаңтар-1 сәуір-1 шілде-1	3
	Барлығы	10103,2		250